

2021 г.

UZDİK USTAZ



ГОРГУЛЬКО ВЕРА ПЕТРОВНА
Город Нур-Султан
ТОО «Экономический лицей»
Учитель начальных классов

«ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ УУД ЧЕРЕЗ
ОБУЧЕНИЕ В СОТРУДНИЧЕСТВЕ»

«ОқУШЫНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ҚАЛАЙ ЖЕТІЛДІРУГЕ БОЛАДЫ»

ШҚО, Өскемен қаласы

«Монтессория» балаларды интеллектуалды және шығармашылық дамыту орталығы

Сыдықова Жаннат Ибагатулаевна
Бірінші санатты мұғалім

Оқушының ой-өрісінің, сана-сезімінің жан-жақты дамуы бастауыш сыныптан басталады. Бастауыш сыныпта оқушылардың тіл орамдылығын арттырып, өмірге көз қарасын қалыптастырса, ой-өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байытады. Балаларды жақсыға үйретіп, жаманнан жиренуге тәрбиелейді.

Біздің жарқын болашағымыз – өскелең жас ұрпақтың біліктілігімен байланысты. Жас ұрпақ-өргеніетті тәрбие шуағына шомылса ғана, білім нәрімен сусындаса ғана мемлекетіміздің көсетесі көгереді, егеменді ел баянды болады. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ екені ақиқат.

Қазіргі таңда оқыту мен білім беру саласы оқушылардың жеке басын дамыту мен сапалы білім беру мақсатында оқытудың жаңа мазмұнын, тиімді әдістерін үнемі іздестіруді талап етіп отыр.

Осыған орай оқушының бойындағы барлық сапаны, дағдыны, қабілетті, білім мен біліктілікті тұтас сәйкестікте дамытуға бағытталған білім жүйесін қалыптастыру қолға алынуда. Жан-жақты білімді, өз ойын ашық айтатын, сөйлеу мәдениеті жоғары «жеке тұлғаны» бастауыш сыныптан бастап дайындауға ерекше көңіл бөлінуде.

Бастауыш сынып жасындағы балалардың сөздік қорын байытып, тілін дамыту әдістемесі оқушының тұлғалық ерекшелігін дамытуда ерекше орын алады.

Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын дамытып, сөз мәдениетін қалыптастыру жұмысы жүйесіз, негізсіз, бағытсыз кездейсоқ іске асырылмайды. Бастауыш сынып кезеңі- баланың қалыптасатын кезеңі. Олай болса, тіл тазалығы, ой дәлдігінің атадан балаға мирас болып келетінінің бірі.

Тіл- тәрбиенің басты тірегі. Қазіргі заман талабына сай ұл мен қыз өсіру, оларға білім беру- әр ұстаздың басты мақсаты. Ана тілі арқылы жас жеткіншектерді халқымыздың озық ойымен, әдебиетімен, мәдениетімен, тіршілігімен таныстырамыз. Осының бәрін біліп қана қоймай, бала оны жеткізе де білуі керек. Сондықтан әр сабағымда бала тілін дамытып, сөздік қорын байытуға әр түрлі тәсілдерді қолданамын.

Тіл дамыту жұмыстары жеке пәннің әр сабақтарында қолданылып тұрады. Ол- математика, қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәндері. Енді осы пәндерде тіл дамыту, баланың сөздік қорын қалай байыту жұмыстарына тоқталайын.

Қазақ тілі сабағында тіл дамыту жұмысы «Тіл және сөйлеу», «Жазбаша және ауызша тіл» тақырыптары бойынша берілген. Оқулықтарында берілген тапсырмаларынан басқа қосымша тапсырмалар қолданылады. Мысалы бейнесөз шешу, мәтінді аяқтау, «Мақалды тауып оқы», «Керекті сөзді тап», «Қандай әріпті жоғалттым» және тағы басқалары.

Заттың атын білдіретін сөздерді өткенде «Кім тез табады?» ойыны сабақ соңында ойналады. Берілген шашыранды әріптерден атакты адамдардың есімдерін құрастыру. Әр қатардан артылған әріпті шеттегі тік орналасқан шаршыларға жоғарыдан төмен қарай орналастырғанда, оқу құралдарының бірінің атауы шығады. Ол қандай сөз екенін тапқызу.

ҰАҚАБ

РТАҚОТ
МҒҰАХТР
АЫРАҒЫБЫ
НҚЫПАШ

Табылған сөзді қатыстырып сөйлемдер құрау, жұмбақтар айту, мақал-мәтелдерді еске түсіруге болады.

Сөздің әрбір дыбысынан сөз тудыру жұмысы.

Баланың сөздік қорын молайтып, жаңа сабақты меңгеруде өте көп пайдасы тиеді.

Сөз таптары. Сын есім тақырыбында: Тақтада «Әсем қандай қыз?» деген сөйлем жазылады. Әсем сөзінің әрбір дыбысынан Әсемнің бойындағы жақсы қасиеттерді жазғызамын.

Ә- әдемі, әдепті, әділетті т.б.

С- сұлу, сүйкімді, сезімтал т.б.

Е- епті, еңбекқор, елгезек т.б.

М- мейірімді, мәдениетті, момын т.б.

Енді осы сөздерді тірек ретінде пайдалана отырып, «Әсем» деген тақырыпта мәтін құраттым. Сонда төмендегідей мәтін мәтін құрастырылады.

Әсем әдемі, әрі әдепті қыз. Әсем өте сұлу да, сүйкімді. Оның сүйкімді қылықтары өте көп. Айтар болсам ол епті, еңбекқор, елгезек. Ол үлкенге де, кішіге де мейірімді. Ол-мәдениетті қыз. Әсемнің мінезі де салмақты. Әсемнен мықты дос шығады.

Салыстыру жұмысы арқылы сөйлем құрату.

Тақтаға сурет ілініп, суреттегі зат сипатталады. Мұндай жұмыстар түрі оқушылардың суретке қарап сөйлем құрау сауаттылығын арттыра түседі.

Сөзден сөз тудыру жұмысы. Мүмкіндік деңгейінде орындалады.

Тақтаға «Қарындас», «Қарлығаш», «Қарындаштар» сөздері жазылады.

Үш қатардағыларға бөлініп беріледі.

«Қарындас» сөзінен-қар, қара, қас, ара, нан, ана, садақ, арық, қарын, дана т.б

«Қарлығаш» сөзінен-қараша, ағаш, шаш, шағала, ғарыш, шар т.б

«Қарындаштар» сөзінен-қар, арық, тарақ, шана, шындық, шара, артық т.б

Сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөз тудыру.

Жалқы есімдер тақырыбында:

Кісі аттары: Алматы, Талғат, Тимур, Рахат, т.б.

Қыздар есімі: Гауһар, Раушан, Нұргүл, Лаура, т.б

Жер-су аттары: Шымкент, Темір, Рига, Алматы, т.б.


Балалардың сөздік қоры молайып, ойлау қабілеті, байқампаздық қабілеті арта түседі.

Жеке дыбыстарды өткенде «Кім жылдам» ойынын жие қолдандым. Мысалы: дауысты «и» және қысқа «й» дыбысы қатысқан сөздерді екі оқушы тақтаға шығып жазады. Көп сөз жазған оқушы жеңімпаз аталады.

«Буын», «Тасымал» тақырыптары бойынша «Мақалды тауып оқы» ойыны қолданылады.

ЛІМ		
	-НІ	АА
де	-ДЫН	
сау	сау	
-НЫ		

бі



Бұл ойынның маңызы өте зор. Өйткені, бала біріншіден ойланады. Екіншіден мақалды тапқан соң оны жаттап алып, қолдана алады. Үшіншіден алынған мақалдың тәрбиелік мәніне көп көңіл бөлінеді.

Мысалы: Сан есім тақырыбы бойынша:

ж	О	т	б	,	і	н
.	Қ	-	і	з	ң	е
з	С	ң	л	ы	-	г
ы	А	і	м	ғ	б	л
ғ	Н	н	е	о	І	і
о	Т	е	г	т	р	Б

і	ш	і	г	ү	м	қ	ң
н	ү	т	і	ш	е	а	ұ
.	л	т	ж	і	ж	р	с

к	е	у	р	н	р	у	к
м	р	а	е	,	а	ш	а

Жауабы: Білгенің-бір тоғыз,
Білмегенің-токсан тоғыз.

Бұл ойын оқушылардың сөздік қорын молайтып, ізденімпаздық қабілеттерін жетілдіреді, оларды логикалық ойлауға тәрбиелейді.

Сабақта оқушылардың жұмысқа деген ынтасын көтеру үшін, тіл өрісінің дамуының нәтижелі болуы үшін «Тілдік шынығу сәттер» кезеңі жүргізілуге тиіс деп ойлаймын. Тілдік шынығу сәттерінде – жаңылтпаштардың алатын орны ерекше. Мысалы осы тақырыпта жаңылтпаштар:

Қырық құлып,
Қырық құрық.
Құлып та-қырық
Құрық та –қырық.

Үш қыз да ұшқыш,
Ұшқыш та үш қыз.

Сонымен қатар анаграммалар, мақал –мәтелдер, өтірік өлеңдер, сөзжұмбақтар тілдік шынығу кезеңінде көбірек қолданыста болған оң нәтиже берері сөзсіз. Олардың негізгі қасиеті- нақтылық, жылдамдылық, көркемдік. Сондықтан әр сабақта ұстаз үнемі оқушының тілімен жұмысты жүргізгені жөн, сөздің айтылуын үнемі қадағалау.

Математика пәнінде де баланың тіл байлығын дамыту үшін оларды , математикалық тілде сөйлеп және жауаптарын толық сөйлеммен айтуға баулимын.

Мұнда да сабақ барысында түрлі ойын элементтері қолданылады немесе сабақ соңында математикалық ойындар ойналады.

Мысалы «Есептеу машинасы» ойыны , «Шырша өсір», «Пойыз құрастырамыз», «Шенбердегі мысалдар» және тағы басқалары. Бұл ойындар баланың тез ойлану қабілеттерін дамытып қана қоймай , математикалық тіл байлығын дамытады. Өйткені әр баланың жауабы толық болуын мұғалім қадағалап, талап етіп отыруы керек.

«Есептеу машинасы» ойынында ұзын тізбекті мысалдар беріледі.

$$18+12-19+16-14+13-12+15-17=$$

Бала айтып тұрып шығарады. Мысалы , 18 санына 12 санын қосқанда жауабы отыз болады, отыз санынан он тоғызды азайтқанда жауабы он бір болады т.с.с. Баланың тілін дамытуда мазмұнды есептер үлкен рөл атқарады. Есептердің шартын оқыту, сұрақты дұрыс қою, сұраққа жауапты толық беру арқылы баланың математикалық тілі жетіледі. Сонымен қатар ауызша жаттығулар жүргізуге де болады. «Мен қандай сан ойладым?» ойыны: «Мен бір сан ойладым, оған 55-ті қосқанда, 89шықты. Мен қандай сан ойладым?» Оқушылар мұғаліммен бірлесе отырып жауабын табады. Ендігі кезекте балалар өздері ойлап, өздері сөйлеп, жауаптарын береді.

Мектепке келген бала тілі бір жақты, тек отбасы, ошақ қасында пайдалынатын сөздер ғана болуы мүмкін. Атап айтсақ, оның айтқан сөздері арасында мәнді және білім саласында қолданылатын термин сөздері аз. Ол баланың сөйлеу тілі, сөздік қоры ең алдымен сол сыныпта жүргізілетін пән оқулықтары , пайдаланылатын көрнекі құралдар және сыныптан тыс шаралар арқылы, өткізілген сабақтарда ғана танысып ,тіл байлығы дамып өз беттерінше кітап оқу, түрлі сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарға қатысу, кино, саяхатқа шығу арқылы жана сөздер үйреніп, тіл сындырады.


Әдебиет пәні- ол нағыз тіл дамыту пәні.

Әдебиет пәнінде баланың тілін, ойын дамыту үшін қолданылатын тәсілдің бірі «Ойды, мәтінді, суретті, ертегіні жалғастыру» ойынын балалар қызыға ойнайды. Мысалы, бір тақырыпқа мәтінді бастап, аяқтауды балаларға ұсыну, есте сақтау, ойлану қабілеттерін дамытуға көп септігін тигізеді.

Таласып отырып жауап береді. Әр бала өз ойынын дәлелдеуге тырысады.

Осы жерде пікірталас та тууы мүмкін.

Сызба бойынша сөйлемді толықтыру балалардың сөздік, тілдік қорының молайуымен қатар ойлану қабілеттерін дамытады.



Қорыта айтқанда, жеке пәннің әр сабақтарында тіл дамыту жұмыстары жүйелі түрде дұрыс ұйымдастырылған жағдайда балалардың сөздік қоры молайып, тіл орамдылығы артып, оқушылардың тұлғалық ерекшелігі дамиды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
2. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мектептегі тәжірибеде орындауға арналған тапсырмалар. Үшінші (базалық) деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.

UZDIK USTAZ

СЕРТИФИКАТ

"UZDIK USTAZ"

Республикалық ғылыми - әдістемелік журналы

ШҚО, Өскемен қаласы

«Монтессория» балаларды интеллектуалды және шығармашылық

дамыту орталығы

Бірінші санатты мұғалім

Сыдыкова Жанат Ибагаттулаевна

Білім жүйесіне қосқан үлесі үшін алғыс білдіреді!

Директор: Даукенова А.Д



Алматы 2021

Тіркеу №0004627